

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ әдебиеті кафедрасы



**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ:
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»**

Көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ
14 қараша, 2025 жыл

Астана, 2025

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф 72

Жалпы редакциясын басқарған:
Басқарма төрағасы-ректор Е.Сыдықов

Редакция алқасы: Ж.Құрманғалиева, А.Бейсенбай, Ж.Аймұхамбет, С.Дүйсенғазы, Г.Сағынадин, С.Жұмағұл (жауапты шығарушы).

«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР» көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 14 қараша, 2025 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е.Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025. – 375 б.

ISBN 978-601-385-142-6

Жинақта Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастырумен көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың 85 жылдығына орай өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары қамтылды. Ғалым зерттеулерінің филология ғылымындағы маңызы, қазіргі фольклортану мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері сараланған ғылыми мақалалар топтастырылды.

Жинақ филология саласының мамандарына, ұлт тілі мен әдебиетінің жанашырларына арналған.

ISBN 978-601-385-142-6

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф72

ISBN 978-601-385-142-6



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025

МАЗМҰНЫ

<i>Сыдықов Е.</i> Кіріспе сөз	3
Құттықтаулар	5

Пленарлық баяндамалар

<i>Абдрахманов С.</i> Сейіт Қасқабасов – фольклортану феномені	15
<i>Матыжанов К.</i> Халық мұрасын қастер тұтқан ғұлама	31
<i>Омарұлы Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасов және ежелгі шығыс сюжеттерінің трансформациясы	39
<i>Қамзабекұлы Д.</i> Алаш қайраткерлері ел әдебиеті туралы	44
<i>Metin Ekici.</i> Seit A. Kaskabasov ve türk dünyasi folklor çalışmalarına katkıları	55
<i>Құрманәлиев К.</i> Академик Сейіт Қасқабасов: рухани-тілдік құндылық мәселелері	61
<i>Fazıl Özdamar.</i> Köroğlu (Goroğlu) destanı araştırmalarında alexander chodzko'nun yeri	65
<i>Власова Г.</i> «Золотая жила» С.А. Каскабасова – «Золотой» фонд классической фольклористики	72
<i>Пангереев А.</i> Балладалық жыр: зерттеу тәсілдері (академик Сейіт Қасқабасов еңбектері егізінде)	77
<i>Сыздықов С.</i> Академик С. Қасқабасов: фольклор мен тарих арақатынасының кейбір мәселелері туралы	83
<i>Аймұхамбет Ж.</i> Сейіт Қасқабасов зерттеуіндегі қазақ мифологиясы	86
<i>Әбсадық Ә.</i> Ұстаз жолы: ерік-жігер мен парасат бірлігі.....	90

1-секция. Академик Сейіт Қасқабасов және қазіргі фольклортану міндеттері

<i>Негимов С.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың ғылыми шығармашылығы ...	97
<i>Еспенбетов А.</i> Ірі оқымысты	104
<i>Жұртбай Т.</i> Ағажай	109
<i>Тұрысбек Р.</i> Алыптар тоғысы (Академик Сейіт Қасқабасовтың Абай мен Жамбыл жөніндегі зерттеулерінің әдеби-рухани мәні)	114
<i>Рахымов Б.</i> Фольклортанушы С. Қасқабасовтың өмірі мен өнегесі	126
<i>Дүйсенгазы С.</i> Даналық	129
<i>Әуесбаева П.</i> С.А. Қасқабасов және фольклордағы әңгіме жанры	133
<i>Жақан Д.</i> Өшпес өнеге.....	138
<i>Рақыш Ж.</i> Сейіт Қасқабасов және ғашықтық жырлар	143
<i>Касенов С.</i> Дәстүрлі шешендік сөздердің құрылымдық ерекшеліктері мен қазіргі шешендік дискурс: типологиялық салыстыру	147
<i>Қабылов Ә., Шоқай М.</i> Қоғамдық сана және көркем әдебиет	152
<i>Набиолла Н.</i> С. Қасқабасов және шетелдегі қазақ мұрасы.....	161

<i>Кокбас Ж., Байжанова Ж., Жукенова Н.</i> Қазақ фольклорының типологиясы мен поэтикасын зерттеу: цифрлық гуманитаристика мүмкіндіктері	164
<i>Джубанова Г.</i> Қазақ постфольклорының жанрлық жүйесі және қазіргі зерттеу ұстанымдары.....	172

**2-секция. Сейіт Қасқабасов мұрасы
және мемлекетшілдік мұрат**

<i>Ибраев Ш.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклортану саласындағы еңбектерінің ғылыми-теориялық және тарихи-мәдени маңызы.....	180
<i>Мустафа Неркиз.</i> Seyit Kaskabasov ve kazak folklorunun metinsel restorasyonu.....	185
<i>Тойшанұлы А.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклор жанрын жүйелеу қағидаттары мен әдістері	195
<i>Кривошапова Т.</i> Выдающийся ученый-фольклорист	198
<i>Байтанасова Қ.</i> Академик С.Қасқабасов: фольклорлық жанрлардың табиғаты хақында	202
<i>Жұмағұл С.</i> Академик С. Қасқабасов және 1960-1980 жылдардағы қазақ фольклористикасы.....	206
<i>Сағынадин Г.</i> Фольклортанудағы ғылыми феномен және жаңа парадигмалар (академик Сейіт Қасқабасовтың әдіснамалық тұжырымдары негізінде).....	221
<i>Қорғанбеков Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың эпостанушылық еңбектері	227
<i>Ашенова А.Т.</i> 1920-30 жылдардағы фольклорлық жарияланымдар.....	235
<i>Кемеңгер Қ., Жұмабекқызы А. Н.</i> Ғабдуллиннің «Біздің жігіт» романындағы прототип мәселесі (академик С. Қасқабасов бейнесі негізінде)	241
<i>Карипбаев Ж.</i> С.А. Қасқабасов зерттеулеріндегі қазақ мифологиясы	245
<i>Алимбаев А.</i> Академик С.А. Қасқабасов: Абай және фольклор	251

**3-секция. Сейіт Қасқабасов зерттеулері
және пәнаралық ықпалдастық**

<i>Жақытов Ж.</i> Қазақ лингвофольклортануы бастауында (академик С.А. Қасқабасов еңбектерінің негізінде)	255
<i>Оразбек М.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың ұлттық гуманитарлық ғылымға қосқан үлесі.....	263
<i>Кемеңгер Қ.</i> Ғылымдағы сабақтастық және қазіргі қазақ фольклортануындағы құнды еңбек	269
<i>Кадыров Ж., Кадыров А.</i> Әдеби шығармашылық үдеріс: ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеудің маңызы.....	275

<i>Сайфуллаев Б. О‘zbek va qozoq tillari gap strukturasi da frazeologik birliklarning qo‘llanishi (O‘zbekiston mahalliy qozoq adiblari asarlari misolida)</i>	278
<i>Жұмаев И.Х. Yusuf Xos Hojibning “Qutadg‘u bilig” dostonida tashbeh she’riy san’ati talqini</i>	285
<i>Келгембаева Б. Мекендік аңыздарды мәдени-танымдық туризм саласына пайдаланудың кейбір жолдары</i>	291
<i>Мұқатаева Қ. Көрікті ой мен көркем сөздің шебері</i>	299
<i>Аликулова Х. О‘zbek va qozoq yor-yorlarining o‘ziga xos janriy xususiyatlari.....</i>	306
<i>Ақтанова А. Абай Құнанбайұлы бейнесінің көркем және деректі кинолоарда сомдалуы.....</i>	310
<i>Абдуллина А. А. Кемелбаева прозасындағы автофикшн элементтері</i>	314
<i>Төлеуқоңыр Ж. Қазақ прозасындағы «Әке» концептісінің көркемдік аясы (М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім» әңгімелері негізінде).....</i>	320
<i>Қаратай Б. Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ прозасы (стильдік-көркемдік ерекшеліктері)</i>	333
<i>Дәуренбек А. Қазақ фольклорының тарихи сана қалыптастырудағы қызметі: Тұрсын Жұртбайдың ғылыми тұжырымы</i>	339
<i>Джаканова Ж. Фольклорлық жанрлар теориясы: баяндау, сюжет және дәстүр сабақтастығы</i>	343
<i>Айтуарова Ж. Фольклорлық хикаяның әдеби-көркем интерпретациясы (қазіргі шағын проза негізінде)</i>	349
<i>Азотбаева М. Diskursiv shaxsning dialektal ifodalanishi o‘zbek badiiy matnida.....</i>	356
<i>Галымжанова З. М. Мағауиннің «Мен» мемуарлық романындағы фольклорлық элементтер</i>	359
<i>Жанпейісова А. Қазақ балалар фольклорының этномәдени тілдік сипаты</i>	366

4. Русский фольклор. Том 18: Славянские литературы и фольклор / Отв. ред. А. А. Горелов. Ленинград: Наука, 1978. – 210 с.
5. Фольклор және қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы: Арда, 2011. – 480 б.
6. Традиционные и новые подходы к изучению литературы и фольклора. Учебная программа учреждения высшего образования второй ступени (магистратура) по учебной дисциплине для специальности: 1-21 80 10 Литературоведение. – Минск: БГУ, 2018. – 21 с.

СЕЙІТ ҚАСҚАБАСОВТЫҢ ЭПОСТАНУШЫЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ

Болат ҚОРҒАНБЕКОВ,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан

Сейіт Қасқабасов – зерттеулері нағыз академикке тән кең құлашты. Ол тек фольклортануға ғана емес, әдебиеттану, өнертану, мәдениеттануға да зор үлес қосты. Ал фольклортанудағы нысандары мен тексерулері тіпті ауқымды. Фольклортанушы ретіндегі басты өрісі халық прозасы болғанымен, ол эпикалық шығармаларды да терең қарастырды. Бұл еңбектерінің де әлемдік мәні бар деп сеніммен айта аламыз.

Ғалым эпикалық мұраларды алуан қырынан зерттеді. Ол, ең алдымен, эпостың жанрлық ерекшеліктерін нақтылауға ден қойды. Қазақ халық прозасының жанрлық табиғатын терең таныған ғалым үшін эпосты теориялық ракурста зерделеу аса қиын түспеген. Фольклорлық жанрлардың ішінде бұған дейін ең көбірек зерттелгені – батырлық және ғашықтық жырлар. Олардың теориялық қыр-сырының танымалдығы мен айқындығы да осы зерттеу тәжірибесінің молдығына байланысты еді. Бұл бағыт бойынша қазақ ғылымы әлемдік фольклортанумен өрелесетін деңгейге жеткен. Сол себепті С.Қасқабасов мүлдем назардан қағыс қалған теориялық түйткілдерді ғана өте ықшам түрде зердеден өткізген.

Ол «Ойөріс» еңбегінде дастан жанрының ерекшелігі мен түрлерін қарастырып, негізгі жанрлық белгілерін саралаған. Дастандардың дәстүрлік табиғаты қазақтың ауызша фольклорлық эпостарынан өзгеше екенін атап өтеді. Шығарма әлемін құрайтын образдар көшпелі қазақ сахарасынан басқа, қала мәдениетінің атрибуттарынан құралғанын және далалық поэзиядан оқшауланатын стильдік ерекшеліктерін талдайды. «Егер дәстүрлі қазақ фольклорында оқиға көбінесе сайын далада, тау ішінде, қалың қамыста, яғни ашық табиғат аясында өтсе, дастанда оқиға көбінесе шаһарда, патшаның сарайында, немесе қала базарында, яғни феодалдық мемлекет ішінде өтеді. Рас, қаһармандық іс-әрекеттер кей-кейде далада орындалады, бірақ соның өзінде олар мемлекет, немесе шаһар сыртында болады. Бас кейіпкерлердің сапары теңізде кемемен жүзу, өз болмаса басқа бір аралға тап болу, яки бөтен қалаға келу түрінде көрінеді» [1, 293].

Эпикалық мұраларды талдауда жанрлар арасындағы ықпалдастық мәселесіне аялдайтын тұстары көп. Мысалы, батырлық ертегі мен батырлық жырдың өзара байланысын, олардың бір-біріне ықпалын нақты мысалдар арқылы дәлелдейді.

«Қазақтың халық прозасы» атты монографиясында «Батырлық ертегі» тарауында бұл мәселелер кеңінен қозғалады. Мәселен, ертегілердегі көптеген сюжеттік желілер мен көркемдік дәстүрлер эпостық жырлардың құрамына еніп кеткенін айтады. Батырлық ертегінің стилі де өзіндік белгілерімен сипатталатынын жеткізе келе, онда уақытты кеңіте баяндау басым екенін, біраз эпикалық тыныс барын айшықтайды. «Батырдың жауымен айқасы шабытты түрде баяндалады. Осы қасиеттері мен тақырыбы (ерлікпен үйлесу, жауымен соғысу, мақұлықтармен шайқасу) батырлық ертегі қаһармандық эпосқа барынша жақындатады. Қаһармандық эпостағы батырдың образы, оның мінезіндегі ерлік пен қайсарлық, сөз жоқ, батырлық ертегінің негізінде дамиды. Халық прозасының бұл жанры батырлар жырының, яғни эпос жанрының аса маңызды қайнар көзі, көп бұлағының бірі» [2, 208]. Ғалым ойын тиянақтай келе «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын» сынды эпикалық жырлардан туған ертегі түрлерін атап өтеді.

Академик ғалымның «Ертек пен эпостың сюжеттік типологиясы» атты зерттеуінде де осы мәселе кеңінен қозғалады. Ол ертегінің (ертек) кәрі ата-ана; кейіпкердің дүниеге келуі (ғайыптан тууы; тотем-бабадан тууы; баба рухының жәрдемімен тууы; мұсылман әулие-әмбиелерінің, пірлердің көмегімен тууы; әкесі үйде жоқта тууы); кейіпкердің қалыңдығын іздеп шығуы; қайын атасының аулына танылмай келуі; еліне оралауы сияқты сюжеттік қаңқасын құрайтын сарындар желісінің эпос сюжетінің басты схемасын жасағанын дәл көрсетеді. «Эпос жанр болып қалыптасқанда, бірнеше тірекке сүйенеді, яғни оның бірнеше қайнар көзі, төркіні бар: миф, өлең, кантилена, тарихи жыр, т.б. Соның бірі – ертегі. Ертектің сюжеттік желісі эпостікіне жақын» [3, 266], – дейді. Сөйтіп өзі көрсеткен перзентсіз ата-ана, олардың хал-жағдайы; кейіпкердің керемет болып тууы; баланың өте күшті батыр болып ерекше өсуі; батырдың әйел іздеп шығуы; ғашығын (қалыңдығын) іздеп табуы; батырдың өз елін қорғауы, ерлік жорықтары; ұлан-асыр қуаныш, той, тыныштық өмір, батырдан ұл тууы; батырдың баласының ерліктері сияқты эпос сюжетінің схемалық сегіз бөлігінің алғашқы бесеуі жоғарыдағы ертек сюжетінің қалыбымен ұқсас екендігін көрсете отырып, оның сырын былай ашады: «Байқап отырсыздар, ертектің де, эпостың да сюжеттік негізгі бөлшектері дәлме-дәл қайталаанады. Бірақ, әрине, ол бөлшектер әр жанрда біршама өзгеріске ұшырайды. Себебі, біріншіден, ертекте әр мотивтің көне түрі сақталса, эпос оның дамыған типін көрсетеді. Екіншіден, эпос сюжетіне тарихи элементтер кірігеді» [3, 267]. Ортақ тұстар сырын осылай көрсете отырып, ғажайып туу сарынының қоғамдық алмасулар кезіндегі түрлену сипатын көрсетеді. Және мұны бұрыннан айтылып келе жатқан түркі-монғолдық емес, Еуропа елдері фольклорының мысалында дәйектеген.

Ғалым эпикалық мұралардың мәдени ықпалдастығын тек қана фольклор шеңберінде емес, әдеби және мәдени байланыстар аясында да қарастырады.

Оның пайымдауынша, халық ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет бір-бірінен дербес дамыған екі түрлі шығармашылық түрі ғана емес, үнемі өзара әсер етіп, бірін-бірі толықтырып отырған рухани жүйенің құрамдас бөлігі. Бұл ықпалдастық қоғамның мәдени-эстетикалық талғамына, тарихи жағдайына және көркем ойдың эволюциясына сай үнемі жаңарып, өзгеріп отырады. «Әрбір тарихи кезеңде әдебиет пен фольклор бір-біріне әрқилы мақсатпен ықпал етіп отырған, олар кейде өзара жақындасып, кейде бір-бірінен алшақтап жүрген – бәрі белгілі бір дәуірдің, қоғамның сұранысына және сол шақтағы әдебиеттің көркемдік даму деңгейіне байланысты еді. Бұдан шығатын қорытынды: әдебиет пен фольклордың ара-қатынасы – өте күрделі процесс, осы үдерістің тарихын, даму барысын зерттеу – әдебиеттану үшін де, фольклортану үшін де аса маңызды проблема» [4, 158]. Яғни зерттеуші фольклор мен әдебиеттің арақатынасын жай ықпал емес, мәдени дамудың заңды жалғастығы ретінде бағалайды. Халық шығармашылығындағы көркемдік үлгілер, сюжеттер мен бейнелер жазба әдебиетке сіңіп, жаңа сапада өмір сүргенін айта отырып, ғалым бұл процесті рухани дәстүрдің үзілмес эволюциясы ретінде түсіндіреді.

С. Қасқабасов қазақ драматургиясының қалыптасу және даму тарихын талдай отырып, оның фольклорлық негізін ерекше атап өтеді. Ғалымның пайымдауынша, XX ғасыр басындағы көптеген драмалық шығармалар халықтың бай рухани мұрасына, оның ішінде аңыз-әңгімелерге, батырлық жырларға, ертегілер мен хикаяларға сүйеніп жазылған. Себебі сол тұстағы жазушылар, драматургтер жаңа көркемдік үлгілерді қалыптастыруда халық жадындағы канондық сюжеттер мен дайын образдарға да арқа сүйеді. Олар эпикалық сюжеттерді, кейіпкерлерді ұлттық дүниетанымды танытудағы тәсіл, дәстүр мен жаңашылдықтың арасындағы көпір ретінде қарастырды. Мәселен, «Қазақтың ұлттық театры да өзінің пердесін фольклор сюжетінен қойылған ойындармен ашқан. («Алтын сақа», «Еңлік-Кебек»). Мұндай қойылымдарда фольклорлық шығармалармен қатар халықтық ойындар, әдет-ғұрыптар көп пайдаланылған. Демек, ұлттық театрымыздың туып, қалыптасуында қазақтың драмалық тілтегі фольклоры үлкен рөл атқарған» [1, 50].

Дегенмен ғалым бұл байланыстардың әр кезеңде әр түрлі сипатта болғанын айтады. Алғашқы кезеңде қаламгерлер фольклорды шығармашылықпен толық игеріп, оны терең мазмұндық-идеялық деңгейде қайта пайымдаудан гөрі, оның сыртқы көрінісін, сюжеттік желісін немесе кейіпкерлер жүйесін ғана пайдаланған. Мұндай тәсілде фольклордың ішкі философиялық, мифологиялық мәні сақталғанымен, әдеби туынды контекстінде ол жеңілдетіліп беріледі. Бұл хақында толғанған ғалымның өз сөзіне назар аударайық: «Алғашқы кезеңде, яғни генетикалық байланыс түрінде, фольклорды пайдаланған қаламгерлер оның беткі қабатын ғана игерді, сондықтан әдеби шығарма контекстіндегі фольклор түпнұсқамен салыстырғанда жеңіл ұғынылды, яғни бұл тұста фольклор түбегейлі қайта өңделмеді. Бұл, әсіресе, поэзияда және драматургияда айқын білінді» [3, 195]. Осылайша, С.Қасқабасов фольклор мен әдебиеттің байланысын тек тақырыптық немесе сюжеттік ұқсастық деңгейінде емес, ұлттық көркем ойлау жүйесінің тарихи сабақтастығы ретінде қарастырады.

Қасқабасовтың «Қазақ фольклорындағы тұтастану құбылысы» еңбегінде эпостық поэтика мен оған тигізген халық дүниетанымының ықпалы кең ауқымда қарастырылған. Ол тұтастануды тек тарихи немесе құрылымдық тәсіл деп емес, фольклордың ішкі көркем заңдылығы, яғни поэтикалық жүйенің басты механизмінің бірі ретінде түсіндіреді. Автордың пайымдауынша, тұтастану арқылы халық өз қаһарманының бейнесін замана шындығынан жоғары көтеріп, оны ұлттың рухани символына айналдырады.

Ғалым бұл құбылысты бірнеше бағытта жіктейді: тарихи, шежірелік, географиялық және сюжеттік тұтастану. Тарихи тұтастану – әр дәуірдегі оқиғалардың бір тұлға төңірегіне топтасып, біртұтас қаһармандық дәстүр құруы. Мысалы, ол «Қырымның қырық батыры» эпопеясында түрлі ғасырлардағы кейіпкерлер мен оқиғалардың Едіге сынды танымал тұлғаға байланыстырыла жырлануын бөліп көрсетеді. Мұндай топтау, оның ойынша, халық санасындағы мемлекеттік бірлік пен батырлық дәстүрдің үзілмес жалғастығын танытады.

Географиялық тұтастану туралы сөз болғанда, Қасқабасов жырдағы кеңістіктің халықтық жадпен тығыз байланысты екенін айтады. Ол «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырындағы жер атауларын салыстыра отырып, жыршылардың туған өлке, өз ортасы мен өмір тәжірибесін көркемдікпен игеру арқылы эпостың кеңістігін кеңейтіп, ұлттық болмысты тұтастандыратынын дәлелдейді. Бұл тұрғыда ғалым фольклордағы кеңістік пен уақыт ұғымдарының шартты болғанымен, тарихи негізден алшақ кетпейтінін атап өтеді. «Фольклорлық, утопиялық шарттылығы болса да, кеңістік пен уақыт бір-біріне сәйкес болады деуге негіз бар», – деп жазады ол [5, 192]». Оның тұжырымдауынша, фольклор тарихты дәлме-дәл қайталамайды, керісінше, оған еркін қарай отырып, халық арманын, қиялын, эстетикалық өлшемін жинақтап бейнелеуге негіз етіп алады. Осы арқылы тұтастану құбылысы батырды дәріптеу, халық идеалын бейнелеудің көркем құралына айналады.

Зерттеуші В. Пропптың шоғыр (цикл) жөніндегі теориялық ұстанымын талдай келе, қазақ эпосындағы тұтастану одан гөрі ауқымды екенін дәйектейді. Себебі қазақ эпосында циклдік байланыс бір ғана батырдың емес, тұтас ұрпақтар мен дәуірлердің өмір жолын қамтиды. Қасқабасовша, тұтастану – эпикалық ойлау жүйесінің көркемдік бірлігін қамтамасыз ететін, тарих пен поэзияны, миф пен реалдықты тоғыстыратын әмбебап ұғым. Осы тұста байқайтынымыз, ғалымның зерттеушілік ерекшеліктерінің тағы бір қыры көрінеді, Ол – зерттеушінің бұрынғы еңбектерді терістеуден, онымен тартысқа түсуден гөрі, оларды дамыту мен нақтылауға тырыстындығы. Ол бұрынғы ғалымдардың тұжырымдарын тереңдетіп, оны нақты фольклорлық материалдармен байытады.

Қаһармандық эпостағы тұтастануды бұрынырақ қарастырған В.М.Жирмунский әлем халықтары эпосындағы өзі «сюжеттік», «биографиялық», «генеологиялық», «эпопеялық» деп атаған тұтастану түрлеріне тоқталған [6, 37-43]. 1960 жылы М.Әуезовтің жетекшілігімен бекітіліп, 1976 жылы қорғаған, Мұрын жырау репертуарына арналған С.Садырбаевтың «Қазақ эпосының тұтастану мәселелері» атты кандидаттық диссертациясында тұтастанудың осы төрт түрінің қазақ эпосындағы орны көрсетілген. С.Садырбаев

диссертациясында «Қарадөң батыр мен оның ұрпақтары» жыр шоғырын нысан етіп алған. Зерттеуші диссертациясындағы ойларын кейін жарық көрген еңбегінде де жариялады [7, 104-106]. Ал С.Қасқабасов «Қазақ фольклорындағы тұтастану құбылысы» зерттеуінде бұларға қазақ эпосындағы тұтастанудың сюжеттік, ғұмырнамалық, шежірелік, тарихи, орталықтық, географиялық сияқты түрлерін көрсетеді. Бұлардың ішіндегі ғұмырнамалықты алдыңғылардағы биографиялықпен, шежірелікті генеологиялықпен, орталықтықты эпopeялықпен байланысты деген күннің өзінде ғалым тарихи және географиялық тұтастануды тыңнан қосып отыр. Атап өтілген тұтастану түрлерінің алғашқысына да «сюжеттік» деп атау барған С.Қасқабасов болды. Бұл жерде де ғалымның бұрынғы беделді пікірлерді қолдауын ғана емес, толықтыруы мен кеңейтуін көреміз.

Ғалым ХІХ ғасырдағы қазақ фольклорының жаңаша сипат алған кезеңін талдай отырып, «бұрынғы классикалық эпостан да, ғашықтық жырдан да, тарихи жырдан да өзгеше» жаңа топтағы шығармаларды анықтайды [1, 301]. Бұл туындылар, оның пайымдауынша, дәстүрлі эпостардан «эпикалық баяндауды батырлықтан ажыратуы, ғашықтық жырлардан лирикалық сарынын сақтай отырып, іңкәр махаббатты бейнелемеуі, тарихи жырлардан нақты тарихи фактінің болмауымен» ерекшеленеді [1, 301].

Сейіт Қасқабасов мұндай шығармаларды шартты түрде «**балладалық сипаттағы лиро-эпикалық жырлар**» деп атайды. Ол «Айман-Шолпан», «Наурызбай-Қаншайым», «Ерназар-Бекет» сияқты туындыларды осы топқа жатқызады. Ғалым бұл жырлардың табиғатын түсіндіре отырып: «Бұл шығармаларда эпикалық пафос бар да, эпикалық батыр жоқ, екі жастың қосылуы бар да, бір-біріне іңкәр болған ғашықтар жоқ, тарихи адамдар бар да, тарихи факт жоқ», деп жазады [1, 301]. Осы сипат арқылы ғалым қазақ фольклорының ішкі эволюциясын көрсетеді: халық жадындағы эпикалық дәстүр жаңа әлеуметтік жағдайға бейімделіп, феодалдық-патриархалдық қоғам тұсында **отбасылық, тұрмыстық, психологиялық мәселелерді суреттейтін жаңа жанр – халықтық балладаны** қалыптастырды. Бұл жанр, өзі атап өткендей, басқа халықтардың фольклорлық балладаларымен **типологиялық тұрғыда ұқсас**, бірақ қазақ өмірінің болмысынан туған өзіндік өрнекке ие.

Қасқабасов қазақ балладалық жырларын «эпикалық пен лирикалық бастау тоғысқан синтетикалық туынды» ретінде қарастырады. Онда айтыс, қоштасу, арнау сияқты ғұрыптық жанрлар элементтердің араласуы – лирикалық тереңдік пен драмалық тыныс береді. Ғалым бұл жырларда «ежелгі салт пен жаңа заман көрінісі, көне түсінік пен жаңаша әрекет шебер ұштастырылғанын» айта отырып, олардың пайда болуын **қазақ фольклорының жанрлық жүйесінің даму заңдылығымен** байланыстырады. Осылайша, балладалық жырларды қазақ фольклорының жаңа дәуірдегі көркемдік дамуын танытатын ерекше жанр деп бағалайды.

Ғалым назарынан тарихи жырлар да тыс қалған жоқ. Бұл туралы К. Матыжанұлы: «С. Қасқабасовтың эпостық туындыларға да айырықша ден қойып, олардың тарихи сипаттарына, теориялық негіздеріне қатысты қомақты

еңбектер жазғаны белгілі. Әсіресе, тарихи жырлардың жанрлық сипаты жөнінде: «Тарихи жыр - түптеп келгенде батырлық жыр мен тарихи өлеңнің аралығындағы жанр» деген пікірі отандық фольклортанушылардың арасында тың қорытынды тұжырым ретінде қабылданды», – дейді [8,15].

Жырлаушы мәселесі де – қазақ эпикалық дәстүрінің көркемдік сипатын айқындайтын басты арналардың бірі. Сейіт Қасқабасов жыршылықты эпикалық мұраны сақтаушы және жеткізуші ғана емес, синкретті өнер ретінде сипаттайды [1, 48-49]. Оның пайымдауынша, жыр айту – жай баяндау емес, көркемдік-импровизациялық әрекет, яғни поэзия, музыка және драмалық орындаушылықтың тоғысуынан туған тұтастықтағы өнер. Жыршы тыңдаушының көңіл күйін дәл аңдап, әрбір орындауда жырды жаңа мәнмен түрлендіреді. Бір жыр ешқашан дәлме-дәл қайталанбайды, себебі орындаушы әр тұста өз тәжірибесі мен шабытын қосып, эпосты түлетіп отырады.

Қасқабасов Жамбылды жыршылық өнердегі ерекше құбылыс ретінде бағалайды. Оның пікірінше, Жамбыл – қазақ жыршылық дәстүрін жаңа көркемдік деңгейге көтерген тұлға. Ол батырлар жырын орындағанда тек дәстүрді жалғастырып қана қоймай, ақындық өнерін қоса танытқан. «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр», «Көрұғлы» сияқты жырларында Жамбыл ежелгі эпостық дәстүрдің белгілерін сақтай отырып, кейіпкерлердің ішкі күйін, табиғат көрінісін бейнелеуде және ескі мотивтерді түрлендіруде жаңашылдық танытқан. Оның импровизациялық шеберлігі жырды әр тыңдаушыға жаңаша әсермен жеткізуге мүмкіндік берген. «Өтеген батыр» жырының екі нұсқасының айырмашылығы – осы шығармашылық процестің дәлелі [5, 290].

С.Қасқабасовтың жекелеген эпикалық жырларға арналған зерттеулері де бар. «Қобыланды батырды» алғаш зерттегендердің бірі – Әлихан Бөкейханов. Оның пікірінің ықпалы Сейіт Қасқабасовтың көзқарасынан да сезіледі. Әлихан жырды көркемдік жағынан емес, көбірек дүниетаным тұрғысынан талдайды. Ол әсіресе тәңірлік түсінік пен кейінгі мұсылмандық ұғым арасындағы қайшылықтарға назар аударған [9, 298]. Осылайша, жырдың өте ерте заманда пайда болғанын айтады. Бұл жырда сол дәуірдің дүниетанымдық қабаттары көрінеді.

«Қобыланды батыр» жырында нақты тарихи оқиға суреттелмейді, түрлі тарихи кезеңдер эпикалық жинақтау арқылы беріледі. Қазақ-қалмақ соғысы, қызылбастармен шайқас сияқты ірі оқиғалар жинақталып берілген. Жырда жанрға тән сипаттар толық сақталған. Оның тұлпары, жары, ерлік сынақтары. Құртқа образы – даналық пен ақылдың бейнесі. Ол батырға жәрдемші әрі ақылшы ретінде көрінеді. Тайбурылдың бейнесі де, басқа образдар да көркемдік дәстүрге сай сомдалған.

Ғашықтық жырлардың дамуында «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» басты орын алады. «Қазақ фольклоры – мұхит десек, аталмыш жыр сол мұхитта жүзіп жүрген керемет айсберг секілді ұлттық эпосымыздың арасынан айырықша оқшауланып тұрады» [4, 4]. Бұл жырдың түрлі жанрлық түрдегі нұсқалары бар. Жыр әр қилы дәуір мен ортада түрлі жанрға бейімделген. Ал Алтын Орда дәуірінде оның эпикалық үлгісі қалыптасып, кейін қазақ хандығы кезінде кең

құлашты эпосқа айналған. Сейіт Қасқабасов фольклорлық шығарманың пайда болған уақытын кесіп айту мүмкін еместігін айтып, «Қозы Көрпештің» ең әдепкі түп сюжеті сонау түркі қағанатының әлі ыдырамай тұрған шағында, яғни V–VI ғасырларда, Алтай өңірінде дүниеге келген бе деп топшылауға болатын тәрізді», – деп болжам жасайды [4, 6]. Жырдың тарихи тамыры тым тереңде болса да, оның мазмұнында кейін пайда болған ұғымдар да кездесіп жатады. Бұл туралы Мұхтар Әуезов тарқатып жазады: «Бізге мәлім болған «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырларының кейбір варианты ерте заманның өзіне байланысты айтылса, енді біреулері бергі XVIII–XIX ғасырда өңделіп жаңғырған. Және кейде «ноғайлы» деген ескі атаулары жойылып, оның орнына Кіші жүздің Шеркеш руы, не орта жүздің Бағаналы (найман) руларының аттары аталады. Бірақ бұл нұсқалардың қай-қайсысын алсаңыз да, алғашқы сюжет асылы – біреу. Әр дәуірдің, әр жердің ақындары өз ортасындағы тыңдаушыларының ыңғайына тартқанымен, оның негізгі мазмұны, оқиға желісі бір арнаға саяды» [10, 511]. С.Қасқабасов М.Әуезовтің аталмыш пікірін қуаттап, фольклорлық үдерістің басты бір сипаты ретінде танытады. Бірде-бір шығарманың жаңа заманға әуелгі қалпында жетпейтінін, бірақ ілкі сюжеттің сілемдері сақталатынын айтады. Ауыздан-ауызға тараған кезде көне пішін күңгірттеніп, қоспалар көбейтінін, айтушылардың көзқарасы, тыңдаушылар талабы алуан өңдеулерді тудыратынын ескертеді. Бұған қоса, С.Қасқабасов «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырында да тұтастанудың түрлерінің анық көрінетінін айтады. Қоғам талабына сәйкес бұрынғы шығарма қайта түрленіп айтылады да, заманындағы өзекті мәселелер шығармаға көркемдік пішін тауып енеді, сөйтіп, ескіні не ығыстырады, не өзгертеді, не онымен кірігеді.

Ғалым қазақ фольклористикасының ғылым ретінде қалыптасуына атақты орыс ғалымдары Вс. Миллер мен Г. Потаниннің салыстырмалы еңбектері игі әсер еткенін атап өтеді [11, 76]. Мәселен, Всеволод Миллер әкесі мен ұлының күресі (соғысы) жайындағы бүкіл әлемге кең тараған сюжетті орыс батырлар жырындағы ерекшелігін талдай келіп, қазақтың «Дариха» атты ертегісін салыстыра қарастырды. Бұл ертегінің сюжеті белгілі «Қасен – Құсайын» қиссасынан тараған, кейін өзінше жырланып, «Дариха» деген атпен жарияланған, ал ертегі түрін А. Белослюдов Шығыс Қазақстаннан жазып алған. Миллердің «Дариғаға» қатысты пікірі ерекше. Асылында бұл жыр қазақтың ежелгі мұрасы емес, кейіннен Мәулікей Жұмашықов тарапынан өңделген болуы мүмкін екенін айта кеткеніміз жөн.

Осы орайда, Сейіт Қасқабасов сұхбаттарында «Дариға», «Қисса-и Салсал», «Қисса-и Зарқұм» «Әбу Шаһма» сынды діни дастандардың мәнін, рухани мұралардың тәрбиелік рөлін жиі айтады. Оның ойынша, халық жоғалта бастаған басты құндылық – имандылық. Сол себепті ол эпикалық мұраларды жариялау арқылы ұлттың рухани жадын жаңғыртуды мақсат тұтқанын айтып өтті.

Ғалымның ғылыми еңбектеріндегі терең талдау мен жанрлық жіктеулер оның әлемдік фольклортануға сай жүйелі ойлау дәстүрін қалыптастырғанын дәлелдейді. Ол эпос поэтикасын, тарихи-мәдени эволюциясын, типологиялық

ерекшеліктерін зерттеу арқылы әлемдік фольклор теориясына қазақ фольклорының қаншалықты сәйкестігін барынша айқындады. Ал оның қайраткерлік қызметі – осы ғылыми ізденістердің тәжірибелік дәйегі іспетті. Сейіт Асқарұлы халық эпосын тек зерттеуші ғана емес, оны сақтау мен насихаттау, дәріптеу ісінде де үлкен ұйымдастырушылық, іскерлік қабілет танытқан тұлға. Мысалы, ол «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының 1500 жылдық мерейтойын (2002 жылы) ЮНЕСКО деңгейінде ұйымдастыруға мұрындық болып, фольклорлық мұраны мемлекеттік деңгейде жаңғыртуға ықпал етті. Сондай-ақ «Бабалар сөзі» атты жүз томдық серияның басылып шығуына жетекшілік етіп, қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жүйелі түрде жинақтау мен ғылыми айналымға енгізудің жаңа кезеңін ашты. Бұл бастама кейін ұлттық мұраларды цифрландыру ісіне ұласып, рухани қазынаны келер ұрпаққа заманауи форматта жеткізуге негіз қалады.

Қорыта айтқанда, академик Сейіт Қасқабасов – қазақ фольклортану ғылымының ғана емес, тұтас ұлттық руханияттың тарихында айрықша орны бар тұлға. Ол соның қатарында эпостың жанрлық табиғатын, канондық, компаративистикалық сипатын, ондағы тұтастану құбылысын, жекелеген эпос үлгілерінің генезисі мен таралу өрісін, жыршылық дәстүрдің көркемдік және көркемдіктен тыс заңдылықтарын, эпосты зерттеушілер еңбегін терең зерттей отырып, фольклордың әдебиетпен, мәдениеттің өзге түрлерімен сабақтастығын, ықпалдастығын жүйелі түрде қарастырды. Ғалымның қайраткерлігінде де эпикалық мұраларды насихаттаумен қатар, оларды қоғам өмірінде кәдеге жарату ісі аса ықпалды және нәтижелі боды. Сейіт Қасқабасов есімі өзге салалардағы сияқты қазақ эпостануында да ұлттың рухани кеңістігін кеңейткен, дәстүр мен жаңашылдықты айқындап, қоғам игілігіне жарата алған қайраткер ретінде сақталып қалмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қасқабасов С. Ойөріс (фольклор туралы). Астана: Астана полиграфия, 2009. – 320 б.
2. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
3. Қасқабасов С. Ертеке пен эпостың сюжеттік типологиясы // Қазақ фольклорының типологиясы / жауапты шығарушылар Т.Қыдыр, Ж.Танауова. – Түркістан: Тұран, 2009. 261-296 б.
4. Қасқабасов С. Алтын жылға. Зерттеулер мен мақалалары. Алматы: Жібек жолы, 2013. – 520 б.
5. Қасқабасов С. Таңдамалы. Т2. Мифология. Фольклор. Әдебиет. Зерттеулер. Астана: Фолиант, 2014. – 344 б.
6. Жирмунский В. М. Народный героический эпос: Сравнительно-исторические очерки. – М.; Л.: Гос. изд-во художеств. лит., 1962. – 435 с.
7. Садырбаев, С. Фольклор және эстетика: эпосты зерттеудің кейбір мәселелері. - Алматы: Жазушы, 1976. – 152 б.
8. Матыжанов К. «Бабалар сөзінің» баһадүрі // Академик Сейіт Қасқабасов және қазақ фольклористикасы: М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында 2015 жылдың 16 қазан күні өткен «Академик Сейіт Қасқабасов және қазақ фольклористикасы» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары, Алматы: «Әдебиет әлемі», 2015, 11-20 б.

9. Бөкейханов Ә. Шығармалар. Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.
10. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-т. Бірінші кітап. Алматы, 1960. – 737 б.
11. Қасқабасов С. Таңдамалы. Т5. Ғылым және ғалым. Әр жылғы зерттеулер. Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 344 б.

1920-30 ЖЫЛДАРДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЖАРИЯЛАНЫМДАР

Алтынай АШЕНОВА, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті практикалық қазақ тілі кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан

Аннотация: Қазақ фольклоры тарихында бүгінге дейін зерттеле қоймаған тың тақырыптардың бірі – 1920-30 жылдардағы ұлттық фольклорға қатысты материалдар. Оларды зерттеу сол дәуірдегі ғылыми үрдісті көрсетеді. Алаш зиялыларының бастамасымен іске асқан ел аузындағы мұраларды жинау, оны жарыққа шығарумен астасқан рухани жаңғыру болды. Жиналған мұраларды басылымға жариялаудың мәселелері де қарастырылды. Сол жарияланымдардың бағыты мен ғылыми негізі анықталады.

Кілт сөздер: мұраларды жинау, басылымға жариялау, ғылыми негізі, рухани жаңғыру, көпшілік сипаттағы жарияланымдар.

Аннотация: Одно из материалов которое не исследовалась до сегодняшнего дня в казахской фольклоре связано с национальным фольклором в 1920-30г.. Исследование таких материалов показывает научную тенденцию той эпохи. По инициативе интеллигенции Алаш был сбор наследия в сочетании с выпуском в свет его духовного возрождения. Рассматривались вопросы о публикации материалов по сбору наследия. Будут известны научные основы и направления этой публикации.

Ключевые слова: сбор наследия, опубликовать в прессе, научные основы, духовное возрождения, публикации популярного характера.

Summary: One of materials which was not investigated until today in Kazakh folklore is connected with national folklore in the 1920-30th. The research of such materials shows a scientific tendency of that era. On an intellectuals initiative of Alash there has been collecting heritage collecting heritage in combination with the release of its spiritual rebirth. Questions of the publication of materials on collecting heritage were considered. Scientific bases and the directions of this publication will be known.

Keywords: collection of heritage, to publish in the press, scientific basis, spiritual rebirth, popular publications.

Бүгінгі таңда ұлттық фольклорымыздың алаш кезеңіндегі жиналған фольклорлық шығармалар М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты